

6 317102-1205
77



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫ

XII

ЗЕЛЕНОВСКИЙ РАЙОН
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫ

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХ
ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ОРТАЛЫҒЫ

УПРАВЛЕНИЕ КУЛЬТУРЫ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
ЦЕНТР ИСТОРИИ И АРХЕОЛОГИИ

КРО
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИФАТ МҰРАЛАРЫ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ

ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫ




ПАМЯТНИКИ ПРИРОДНОГО
И ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ЗЕЛЕНОВСКИЙ РАЙОН

441904

И



Орал - Уральск, 2008

ББК 63.4

Б 27

Авторлық ұжым / Авторский коллектив:

М.Н.Сдыков
А.А.Бисембаев
С.Ю.Гуцалов
А.А.Джубанов
С.К.Рамазанов
Т.Т. Жусупкалиев
Р.С.Мерғалиев
Д.В.Марыксин - ответственный за выпуск
Г.З. Аманғалиев

Жалпы редакциясын басқарған / Под общей редакцией
тарих ғылымының докторы, профессор
М.Н.Сдыков.

Б 27 Батыс Қазақстан облысының тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области. - Орал қ., 2008 ж. – Зеленов ауданы / Зеленовский район – 236.

Т 12.

ISBN 978-601-7104-06-1

ББК 63.4

ISBN 978-601-7104-06-1 Т.12

ISBN 978-601-7104-05-4 (общ)

© Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы, 2008

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИЫНТЫҒЫ

СВОД ПАМЯТНИКОВ

14 томды ғылыми басылым / Научное издание в 14 томах



Шыңғырлау ауданы	I	Чингирлауский район
Сырым ауданы	II	Сырымский район
Қаратөбе ауданы	III	Каратобинский район
Берлі ауданы	IV	Бурлинский район
Тасқала ауданы	V	Таскалинский район
Теректі ауданы	VI	Теректинский район
Ақжайық ауданы	VII	Ақжайық район
Жаңақала ауданы	VIII	Джангалинский район
Казталовка ауданы	IX	Казталовский район
Жәнібек ауданы	X	Джаныбекский район
Бөкейорда ауданы	XI	Букейординский район
ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫ	XII	ЗЕЛЕНОВСКИЙ РАЙОН
Орал қаласы	XIII	г. Уральск
Батыс-Қазақстан облысы	XIV	Западно-Казахстанская обл.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	6
I бөлім. Табиғат мұрасы	14
1.1. Табиғаты	16
1.2. Ландшафты әртүрлілігі	61
1.3. Табиғат мұрасының ескерткіштері	71
1.4. Рекреациялық табиғат ресурстары	82
II бөлім. Тарихи-мәдени мұрасы	89
2.1. Археология ескерткіштеріне сипаттама	91
2.2. Археологиялық ескерткіштер	97
2.3. Қазіргі кезеңдегі тарих және мәдениет ескерткіштері.	120

Қосымшалар

- Табиғат мұралары ескерткіштері
- Археологиялық ескерткіштер мен жәдігерлер
- Тарихи – сәулет ескерткіштері және монументті нысандар

СОДЕРЖАНИЕ

Введение	10
Глава I. Природное наследие	126
1.1. Природная среда	128
1.2. Ландшафтное разнообразие	171
1.3. Памятники природного наследия	180
1.4. Рекреационные природные ресурсы	191
Глава II. Историко-культурное наследие	197
2.1. Характеристика памятников археологии	199
2.2. Археологические памятники	206
2.3. Современные памятники истории и культуры	228

Приложения

- Памятники природного наследия
- Археологические памятники и находки
- Историко-архитектурные и монументальные памятники
- Сведения об авторах

Кіріспе

Өткеннің мұраларын зерттеп, сақтау Қазақстан Республикасының рухани және ғылыми өмірінің басым бағыттарының біріне айналды. Елбасы Н.Назарбаев бұл мәселені Қазақстан қоғамының толыққанды әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуының неғұрлым маңызды және өзекжарды проблемаларының қатарына жатқызды. Президент бұл мәселенің тек ғылыми жағын ғана айтып қоймай, сонымен қатар мәдени мұралардың азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеудегі айрықша маңызын атап көрсетті.

“Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы жұмыс мәселенің бұлай қойылуының дер кезінде қолға алынған, өмірлік қажеттілік екендігін көрсетті. Істің жағдайын талдау жұмыс ауқымының аса үлкен, көптеген жақтары іс жүзінде жаңа ғана зерттеле бастағандығын көрсетті. Сол себепті мәдени мұраларды анықтап, зерттеп, сақтау Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығы қызметінің басты бағыттарының біріне айналды.

Алайда үш жыл бойғы қарқынды жұмыс мәдени мұраның зерттелу жағдайын, мәлім болған материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерінің бастапқы жағдайын талдауды қатаң талап ететіндігін көрсетті. Демек, облыс бойынша барлық ескерткіштердің нақты жиынтығын тауып, анықтауды қажетсінді. Көшпелі мәдениеттің шаруашылық – экономикалық дамуының ерекшеліктері бізді мәдени даму деңгейінің табиғи тұрпаттан ажырағысыз дүние екендігін түсінуге жетеледі. Сол себепті тарих пен мәдениет ескерткіштерін зерттеумен бір мезгілде біз табиғи мұраларды оның барлық жақтарымен қоса нақтылау жұмысын бастадық.

2002 жылдан бастап орталық облыстың тарихи және мәдени мұраларын анықтап, зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Бұл жұмыс әрбір аудан мен облыс орталығы Орал қаласына дербес том болып арналған “Батыс Қазақстан

облысының табиғи және тарихи – мәдени мұраларының ескерткіштері” атты осы ұжымдық жинақта іс жүзіндегі шынайы көрінісін табады. Басылым біткеннен кейін облыс бойынша тұтас талдау жұмысы шығарылады. Мұндай қадам авторлардың ойынша материалдық және рухани мәдениет пен тамаша табиғи нысандарды неғұрлым толық қамтитындығына кепілдік береді. Әрбір том белгілі бір ауданның халық игілігіне айналған құндылыққа ие болатын неғұрлым ірі тарих пен мәдениет ескерткіштерін қамтиды.

Басылымды әзірлеуге Батыс Қазақстан облыстық тарих және археология орталығының ғылыми қызметкерлері, жергілікті ғалымдар, сонымен қатар Алматы мен Ақтөбенің мамандары қатысты. Біз Ә.Марғұлан атындағы археология институтымен және Ш.Уәлиханов атындағы (Алматы) тарих және этнология институтымен, сондай – ақ Ресей ғылым Академиясының Орал бөлімшесінің далалық Институтымен(Орынбор) белсенді қарым – қатынастамыз.

Аталған том облыстағы іргелі аудандардың бірі Зеленов ауданына арналған. Ауданның әбден зерттеліп болмаған бай тарихы бар.

Батыс Қазақстан облысының Зеленов ауданы Кеңес Үкіметі жағдайында қоғамымызда қалыптасқан әлеуметтік – экономикалық, саяси және мәдени өзгерістердің нәтижесінде дербес әкімшілік – аумақтық құрылым болып қалыптасты. Ол 1933 жылы дербес әкімшілік – аумақтық бірлік ретінде құрылды.

Ауданды қазіргі заманға сай жасақтаудың бастауы Ресей отаршыл әкімшілігінің XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерлерін отарлық бөлшектеу мен шектеу кезеңіне жатқызылады. Қазақстанды әкімшілік – аумақтық жағынан орналастыру реформаларының мақсаты Ресей империясының әдеттегі даланы басқаруға қолайлы әдістерін енгізуді көздеуден туындады. Сол себепті 1867 – 1868 жылдары Қазақстан аумағында 6 облыс құрылды. Қазіргі Зеленов ауданының жерлері Орал облысының Орал уезінің бірқатар болыстықтарының құрамына жатқызылды. 1891 жылғы Ереже бойынша болыстықтардың аумақтарын өзгерту құқығы облыстық басқарма құзіретінде болды. Сол себепті

болыс аумақтары айтарлықтай жиі өзгертілді. Уездер мен облыстардың аумақтары Ресей ішкі істер Министрлігінің шешімімен ғана бекітілді.

Ауданды одан әрі негіздеу Кеңес үкіметі жағдайында жүзеге асырылды. Кеңестердің 1920 жылғы 12 қазандағы 1 құрылтай съезінің шешімі бойынша 6 уез құрамында Орал губерниясы құрылды. Құрамына 27 болыстық кіретін Орал ең ірі уез болды. Ол кезде қазіргі Зеленов ауданының құрамына негізінен алғанда Каменка, Круглоозерное, Ливкин, Скворкин және Шаған болыстықтары енген еді.

Жергілікті жерлердегі Кеңес үкіметінің әлсіздігі, қаржы мен кадрлардың жетіспеушілігі 1923 жылы Қазақ АКСР – нің кезекті әкімшілік – аумақтық ірілендірілуіне әкеліп соқтырды. Облыста болыстар саны қысқарып, нәтижесінде Орал уезінде олардың тек қана 11 – і қалды. Камен болыстығына Ливкин болыстығы қосылса, Шаған болыстығына Круглоозерное және Скворкино болыстықтары қосылды. Шаған болыстығының өзі 1925 жылға дейін Көшім болыстығы аталып келіп, кейін ғана осы күнгі атауына ие болды. Камен болыстығының орталығы Каменный кенті, ал Шаған болыстығының орталығы – Шаған кенті болды.

1927 жылы Орал губерниясы таратылды, ал 1928 жылғы 3 қыркүйекте РКСФР БОАК Төралқасы Қазақ АКСР жаңа аудандастырылуын бекітті. 1 автономиялық облыс 6 губерния, 2 округ, 31 уез және 411 болыстықтың, орнына республикада 13 округ пен 180 аудан құрылды. 10 ауданға бөлінетін Қарақалпақ автономиялық облысы сақталып қалды.

Бұрынғы Орал губерниясының аумағында Орал және Гурьев округтері құрылды. Бұрынғы Орал уезінің бұрынғы Камен және Шаған болыстықтары Орал округінің құрамына кіретін Зеленов ауданын құрады. Сөйтіп, Зеленов ауданы аудандық деңгейдегі дербес бірлік ретінде Қазақстан картасында 1928 жылы пайда болды.

Келесі әкімшілік – аумақтық реформа 1930 жылғы 17 желтоқсанда, негізіне 1929 жылы шінара жаңа аудандардың құрылуымен ірілендірілген аудандар жатқызылып,

Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің 1930 жылы 23 шілдедегі қаулысымен негізделген округтік бөліністер таратылып, аудандық бөліністер құрылды. Қазақстанның аумағында 126 аудан құрылды. Зеленов ауданы Орал ауданының құрамына енді.

Соғысқа дейінгі реформалау кезеңі 1932 жылы аяқталды. Нақ осы кезде Батыс Қазақстан облысы құрылды. Бастапқыда құрамында 27 аудан болып, кейін оңтайландыру барысында аудандардың саны 14 – ке дейін азайды. Кейін 1933 жылы 28 қазанда Орал ауданы таратылды. Оның аумағының бір бөлігі орталығы Каменный кенті болған Камен ауданын құрады. Енді аудан құрамына *Қосшы, Ермолчев, Зеленов, Социалистік, Кордон, Гремячий, Янайкин, Көшім, Екінші Шежін, Камен, Переметный, Семиглавый Мар, Серебряков, Бірінші Шежін, Цыганов* небәрі 15 ауылдық кеңестің жерлері біріктірілді.

Мұнан кейінгі кездерде аудан аумағы ішінара өзгерістерге ұшырап, бірақ та тұтастай алғанда әкімшілік – аумақтық айқындалу процесі аяқталды. Енді келіп біздің тұсымызда ауданға Зеленов атауы беріліп, аудан орталығы Переметное кенті болды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1997 жылғы 17 маусымдағы Жарлығымен Зеленов ауданының құрамына орталығы Дарьинск кеті болып 1935 жылдан жасап келіп, таратылған Приурал ауданының аумағы берілді.

Ауданның негізгі тарихи қалыптасқан халқы қазақтар. XIX ғасырдың басынан бастап мұнда казактар қоныстана бастады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда орыс – украин шаруаларының қоныс аударып келуіне байланысты көп ұлтты халықтың құрамы қалыптаса бастайды.

Қазіргі Зеленов ауданы Батыс Қазақстан облысының солтүстік – батыс бөлігіне орналасқан. Ол Батыс Қазақстан облысының АқОрал, Бөрлі, Теректі және Тасқала аудандарымен және Ресей Федерациясының Саратов және Орынбор облыстарының жерлерімен шектеседі.

* * *

Изучение и сохранение культурного наследия стало одним из приоритетных направлений в развитии духовной и научной жизни в Республике Казахстан. Президент государства Н.А.Назарбаев поставил эту проблему в разряд наиболее важных и актуальных для полнокровного социально-экономического и культурного развития казахстанского общества. При этом президент подчеркнул не только научную значимость, но и особую роль культурного наследия в воспитании гражданственности и патриотизма.

Работа по реализации Государственной программы “Культурное наследие” показала своевременность и жизненную необходимость такой постановки вопроса. Анализ состояния дел показал наличие огромного объема работы, многие разделы которой практически только начинают исследоваться. Поэтому выявление, изучение и сохранение культурного наследия стало одним из основных направлений деятельности Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии.

Однако напряженная работа на протяжении шести лет показала, что состояние изученности культурного наследия настоятельно требует первоначального обобщения имеющихся памятников материальной и духовной культуры. То есть, выявления и определения точного свода всех памятников по области. Специфика хозяйственно-экономического развития кочевого общества привела нас к пониманию неразрывности уровня культурного развития от природного фона. Поэтому, одновременно с изучением памятников истории и культуры, мы начали работу по уточнению природного наследия во всех его проявлениях.

С 2002 года центром проводится работа по выявлению и изучению природного и культурного наследия области. Эта работа получает свое реальное воплощение в данном коллективном издании “Памятники природного и историко-культурного наследия Западно-Казахстанской области”, в котором каждому району и областному центру Уральску будет отведен отдельный том. В завершении издания будет выпущена обобща-

ющая работа в целом по области. Такой подход по замыслу авторов гарантирует наиболее полный охват памятников материальной и духовной культуры и уникальных природных объектов. Каждый том охватывает наиболее крупные памятники истории и культуры и природные объекты определенного района, представляющие ценность и являющиеся достоянием народа.

В подготовке издания принимают участие научные сотрудники Западно-Казахстанского областного центра истории и археологии, местные ученые, а также специалисты из Алматы и Актюбинска. Мы активно сотрудничаем с Институтом археологии им. Маргулана и Институтом истории и этнологии им. Ш.Валиханова (Алматы), а также с Институтом степи Уральского Отделения РАН (Оренбург).

Данный том посвящен Зеленовскому району, который сейчас является одним из крупных районов области и имеет свою богатую и до конца неисследованную историю.

Зеленовский район Западно – Казахстанской области сложился в результате социально – экономических, политических и культурных преобразований, произошедших в обществе в условиях Советской власти. Образован он был как самостоятельная административно – территориальная единица в 1933 году.

Начало современного оформления района относится к периоду колониального размежевания и разграничения казахских земель колониальной администрацией России во второй половине XIX века. Реформы по административно - территориальному обустройству Казахстана преследовали цель введения методов общепринятых для Российской империи и удобных для управления степью. Поэтому в 1867-68 годах на территории Казахстана было образовано 6 областей. Земли современного Зеленовского района вошли в состав ряда волостей Уральского уезда Уральской области. По Положению 1891 года право изменения границ волостей принадлежало областному правлению, поэтому территории волостей изменялись достаточно часто. Границы же уездов и областей утверждались только решением Министерства внутренних дел России.

Процесс дальнейшего оформления района происходил в условиях Советской власти. По решению 1 Учредительного съезда Советов 12 октября 1920 года была образована Уральская губерния в составе 6 уездов. Самым крупным уездом был Уральский, в составе которого было 27 волостей. Территория современного Зеленовского района входила тогда в состав в основном Каменской, Круглоозерной, Ливкинской, Скворкинской и Чаганской волостей.

Слабость Советской власти на местах, нехватка средств и кадров привела в 1923 году к очередному административно – территориальному укрупнению в Казахской АССР. В области сократилось количество волостей и в результате в Уральском уезде их осталось только 11: к Каменской волости была присоединена Ливкинская волость; к Чаганской волости - земли Круглоозерной и Скворкинской волостей. Сама Чаганская волость была переименована и до 1925 года называлась Кушумской, а потом вновь получила прежнее название. Центром Каменской волости был поселок Каменный, а центром Чаганской волости - поселок Чаган.

В 1927 году Уральская губерния была ликвидирована, а 3 сентября 1928 года Президиум ВЦИК РСФСР утвердил новое районирование Казахской АССР. Вместо 1 автономной области, 6 губерний, 2 округов, 31 уезда и 411 волостей в республике было создано 13 округов и 180 районов. Сохранялась Каракалпакская автономная область, делившаяся на 10 районов.

На территории бывшей Уральской губернии были образованы Уральский и Гурьевский округа. Земли бывших Каменской и Чаганской волостей бывшего Уральского уезда образовали Зеленовский район, вошедший в состав Уральского округа. Таким образом, впервые Зеленовский район как самостоятельная единица районного уровня появился на карте Казахстана в 1928 году.

Следующая административно – территориальная реформа произошла 17 декабря 1930 года, когда на основании постановления ВЦИК от 23 июля 1930 года окружное деление было ликвидировано и введено районное деление, в основу которого были положены укрупненные районы 1929 года с частичным образованием новых районов. На территории Казахстана

образовалось 126 районов. Зеленовский район вошел в состав Уральского района.

Процесс реформирования в довоенный период завершился в 1932 году. Именно тогда была образована Западно-Казахстанская область. Первоначально в составе 27 районов, но в дальнейшем в процессе оптимизации численность районов сократилась до 14. В последующем 28 октября 1933 года Уральский район был ликвидирован. Часть его территории образовала Каменский район с центром в поселке Каменный. В составе района теперь были объединены земли 15 сельских советов: *Кошчинский, Ермолчевский, Зеленовский, Социалистический, Кардонский, Гремячий, Янайкинский, Кушумский, Второ-Чижинский, Каменский, Переметнинский, Семиглаво-марский, Серебряковский, Перво – Чижинский, Цыгановский.*

В дальнейшем территория района будет подвергаться частичным изменениям, однако в целом процесс административно – территориального определения завершился. Уже в наше время району было дано название – Зеленовский, а районным центром станет поселок Переметное. Указом Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева от 17 июня 1997 года в состав Зеленовского района была передана территория ликвидированного Приурального района, который существовал с 1935 года с центром в поселке Дарьинский.

Основным исторически сложившимся населением района были казахи. С начала XIX века здесь стали проживать казаки. В конце XIX – начале XX веков в результате переселения русско-украинского крестьянства начинает формироваться многонациональный состав населения.

Современный Зеленовский район расположен в северо-западной части Западно-Казахстанской области. Он граничит с Аюжаикским, Бурлинским, Теректинским и Таскалинским районами Западно-Казахстанской области, а также с землями Саратовской и Оренбургской областей Российской Федерации.

*М.Н. Сдыков
тарих ғылымдарының
докторы, профессоры*



ТАБИҒАТ МҰРАСЫ



ЗЕЛЕНОВ АУДАНЫНЫҢ КАРТАСЫ



МАСШТАБ 1: 1000000

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТАБИФАТ МҰРАСЫ

1.1. Табиғаты

Зеленов ауданы 7,7 мың шаршы километр аумақты алып жатыр. Ол облыстың оң жағалаулық бөлігінің солтүстігінде орналасқан және солтүстігінде Ресей Федерациясымен, шығысында Батыс Қазақстан облысының Теректі, солтүстік – шығысында Бөрлі, батысында Тасқала, оңтүстігінде АқОрал аудандарымен шектеседі. Теректі ауданымен шекаралас орта тұсын солтүстік - батысқа қарай созылып Орал қаласының жерлері алып жатыр. Аудан орталығы – Переметное ауылы.

Тектоникалық және геологиялық құрылымы. Бұл территория түпкілікті теңіз суынан арылуы жағынан (Орал өзені аңғарымен Деркул жонының шығыс бөлігінен оңтүстікке қарай территориялардан басқа) сол жақ жағалаулық бөліктегі – Орал маңы үстіртінен кейін екінші орынды алады. Жер бедерінің вертикальды қозғалысы салдарынан палеоген дәуірінің орта шенінде теңіз суларының астынан Жалпы Сырт пен Орал маңы үстірті көтерілген. Плиоцен уақытында (кайнозой дәуірінің неоген кезеңі) ежелгі Каспийдің кең ауқымды Ақшағыл су басуы кезінде Жалпы Сырт қайтадан теңіз суы астында қалса, ал осы кезеңде көтерулерге ұшырауына байланысты Орал маңы үстірті су басқан жоқ. Плейстоценнің басында Ақшағыл су бассейні кейін қайтады да, ауданның Жалпы Сырт бөлігі қайтадан құрлықтық қалыпқа келеді. Осы кезеңдерге дейін Зеленов ауданының территориясы ұзақ даму тарихын бастан кешірді.

Батыс Қазақстан облысының барлық аумағы сияқты аудан терең Каспий бойы тектоникалық ойысының солтүстік бөлік беткейін алып жатыр. Бұл ойыс аса ежелгі терең желілік құрылымдармен ерекшеленетін ежелгі Орыс


платформасының бөлігі болып табылады. Бұл бөліктің баяу шөккендігі жөніндегі көзқарас қалыптасқандығына қарамастан, ерте палеозойдан бастап терең сулы теңіздердің астына шөгінділердің жинақталуына байланысты пайда болған соңғы жаңа геофизикалық мәліметтер басқа ұстанымды да негіздеуге пайдаланылып жүр. Көптеген зерттеушілердің пікіріне қарағанда тектоникалық ойыстың негізгі массивтен бөлініп, шөгінді массалардың күшінен мантия затына бастапқы шөгіп батуы палеозой эрасының соңына таман жүре бастады. Тек қана пермь кезеңінің басынан бастап осы кезеңге дейін ойыстың қарқынды төмендеуі нәтижесінде өз алдына бөлек дами бастады.

Жалпы алғанда бұл үрдіске уақыттың геологиялық ауқымында келесі белгілі төмендегідей дәрежедегі оқиғалар ұласты.

Жоғарыдағы айтылған сипаттамаларға палеозойға дейінгі (кембриге дейінгі) кезеңде қазіргі тектоникалық ойыстың орнында Жердің мантиясына дейін жеткен терең жарықтар жүйесі болған. Сол кезеңде Жер бетінде вулкандық және сейсмикалық (жер сілкінулер) процесстер белсенді жүріп жатқан. Ал терең жарықтар орнында жер қыртысы ығысып отырған. Төменнен ауыр мантия заттарының, ал жоғарыдан жеңіл шөгінді материал сынықтарының түсуі әсерінен құлықтық типтегі жер қыртысы қалыптаса бастайды. Бұл тау жыныстары рефей қатпарлы (жасы 1,6 млрд жылдан жоғары) құрлымдарының пайда болуына әкелді, оны кристалдық фундамент деп атау алынған. Бұл кристалдық фундамент бүкіл фанерозой уақыты бойы ежелгі Европа континенті тарихында шөгінді жыныстардың жиналуына негіз болды.

Палеозой эрасы бойы сол кезеңде бөлек блок болған уақытта қазіргі Каспий маңы тектоникалық ойысы біртұтас жеке Европа континенті құрамында сол кезеңде геологиялық ауқымдағы уақытта күрделі тарихты басынан өткерді. Бұдан 520 млн. жыл бұрын кембрий кезеңінде континенттердің орналасу жағдайы мүлдем басқаша, ал экватор сызығы болашақ Орал таулары бойымен өткен кезде, бұл ежелгі платформа қазіргі орнымен

441904



салыстырғанда бөлек шектелген сағат тілі бағытына қарсы 90° - қа бұрыла отырып орналасты. Ал материктің өзі толығымен оңтүстік жарты шарда жатты. Әрі қарай Европа және Солтүстік Америка континенттері солтүстікке қарай ығыса бір-біріне қарсы бағытта қозғалды. Осы екі континенттің және Гондвана материгінің арасында бірте-бірте ежелгі Тетис мұхитының орны ашыла бастады. Сол уақыттарда осы материктерден солтүстікке қарай ендік бағыттағы Азия мұхитының ішінде көлемі шағындау келген Қазақстан континенті орналасты. Девон кезеңінің басында (400 млн. жыл бұрын) Европа мен Солтүстік Америка бір тұтас Евроамерика құрлығына бірікті. Екі құрлықтың түйіскен жерінде каледон тігісіне (қатпарлы белдеуіне) сәйкес келді, оның бір бөлігі қазіргі уақытта Солтүстік Атлантика ашылғаннан кейін Скандинавияда және Британ аралдарында, ал екінші бөлігі Гренландия және Лабрадор түбектерінде қалды. Сібір мен Евроамериканың және Қазақстанның арасында, сол уақытта жаңа Орал мұхиты пайда болды, ал оңтүстікте Гондвана материгі оңтүстік поляр облысына қарай ығысты, ежелгі – Тетис мұхиты орнының ашылуы жалғасты.

Каспий маңы тектоникалық ойысының орталық бөлігінің төмен түсу бастамасы “қалыптаспаған мұхит” - осының алдындағы палеорефит дамуының тоқтауымен байланысты болуы мүмкін. Оның ось бөлігі геофизикалық деректер бойынша шамамен Қаратөбе – Тайпақ – Жалпақтал бағыттары арқылы және Ресейдің Александр – Гай елді мекендері арқылы әрі қарай өтеді. Бұл платформалық жарық іргетасына белгі қалдырған дивергентті шекарасының дамуы континентті рифт сатысында аяқталады және нағыз кең көлемдегі мұхит одан пайда болған жоқ. Ол кезде Орыс платформасы қазіргі мұхиттар орнының анықталуы басталып жатқан кезде, соңғы палеозойлық Пангей суперконтинентінің аумағында орналасты, оның бөлшектенуі палеозой және мезозой эраларының шекарасында (шамамен 250 млн.жыл бұрын) басталды. Осы кезеңде барлық палеозой континенттері палеозойлық ығысуларын аяқтап, Пангей континентіне бірікті.

“Қалыптаспаған мұхиттың” тығыз және ауыр жоғары палеозой литосферасы қоршаған телімдерінің сатылап, біртіндеп блоктың шөгіп батуын тудырды. Нәтижесінде Каспий маңы тектоникалық ойысы кең көлемді және әрдайым төмен түсетін терең шөгінді алабына айналды. Оны ойпаттың шетінен ортасына қарай, жас шамасы бірдей жыныстардың қалыңдығының артуы байқалатын шөгінді материалдарының жиналу сипаты дәлелдейді.

Пангей континентінің қалыптасуы төмендегідей сипатта өтті. Палеозой дәуірінің аяғы мен мезозой дәуірінің бас кезінде Гондована сағат тілі бағытында бұрыла отырып солтүстікке жылжыды. Ол ежелгі – Тетистің батыс бөлігін қайта жауып, Евроамерикамен бірікті, ал солтүстік – шығыста Евроамерика, Қазақстан және Сібір континенттерімен қосылды. Нәтижесінде Орал мұхитының жабылған орнында Орал мен Батыс Сібірдің герциндік қатпарлану белдеуі қалыптасты. Соңынан, мезозойдың триас кезеңінде (220 млн. жыл бұрын), Сібірдің оңтүстік шетіне Қытай континенті қосылды, ал ежелгі – Тетис мұхиты өзінің даму тарихын аяқтап құрлыққа айналды. Пангей суперконтиненті триас кезеңінде полюстен полюске қарай ығыса отырып екі тармаққа бөлінді: бірі – Оңтүстік жарты шарда бүкіл палеозой бойы біртұтас ығысқан Гондванадан тұрса, ал екіншісі – Солтүстік жарты шарда тек палеозой соңында бұрын бөлектенген “солтүстік” континенттерден қалыптасқан Лавразиядан тұрды.

Мезозой мен кайнозойда Жер бетіндегі қазіргі мұхиттар орындары ашылды. Бәрінен бұрын Атлант мұхитының орны пайда бола бастады. Дербес мұхиттық спредингтік типтің (жер қыртысының керілуі) қалыптасуы бәрінен бұрын Орталық Атлантикада (юра кезеңінің ортасында, 160 млн-ға жуық жыл бұрын), сәл кейінірек - Оңтүстік Атлантикада (бор кезеңінің басында, 140 млн-ға жуық жыл бұрын) одан кейін – Солтүстік Атлантика мен Солтүстік Мұзды мұхитта (бор кезеңінің соңында, кайнозойдың басында, 80 – 60 млн. жыл бұрын) басталды. Атлант мұхиты орнының қалыптасуы нәтижесінде Лавразия материгі ыдырады: Евразия Солтүстік Америкадан бөлініп біртіндеп қазіргі жағдайға көше бастады.

Каспий маңы тектоникалық ойысы экватор мен бастапқы меридианға қарағанда кайнозой дәуірінің палеоген кезеңінің орта шенінде қазіргі орынында болды.

Палеозой дәуірінің пермь кезеңінде (кунгур ярусы – 275 – 270 млн. жыл бұрын) терең сулы Каспий маңы ойысы бассейні салыстырмалы түрде алғанда қысқа ғана мерзім ішінде тас тұзының қалың қабатымен толды. Оны жапқан тас тұзы шөгінділерінің қалыңдығының бір шақырымға дейін жетуі осы аймақтағы тұз күмбездері құрылымдарының пайда болу үрдісі басталғанын көрсетеді (қатты қысым салдарынан жоғарыда жатқан тұз қабаттары жұмсарып жоғарыға қарай тығыздалады). Пермь кезеңінің соңына таман тас тұзы шөгінділерінің қалыңдығы 4 – 5 шақырымға дейін жетті. Мұнан кейін (жеткілікті шөгінділердің жинақталуына қарай) аса ауқымды триастық және юра – палеогендік тұз күмбездері құрылымдарының қалыптасуы жүрді. Каспий маңы тектоникалық ойысының (және ауданның) солтүстігінде, соның ішінде Жалпы Сырт аймағында шеткі кемерлерге параллель бағытында орналасқан тұздар ірі жалдар түзеді. Тұз жалдарына тұз күмбездері шөккен.

Ойыс өзінің даму тарихында бірнеше геологиялық теңіз режимін басынан кешірді, ол бір геологиялық кезең теңізі, ізінше басқа кезең теңізіне айналып отырды. Бұл біздің өлкенің, соның ішінде Зеленов ауданы территориясы геологиялық жағынан жас екендігімен түсіндіріледі.

Зеленов ауданы территориясы бетінің геологиялық жасы жағынан ең ежелгісі Жалпы Сырттың беті болып табылады. Бұл литосфералық плиталардың көлденен ығысуынан емес, тігінен қозғалуынан пайда болған.

Жалпы көтерілу аясында тұз күмбездерінің өсуіне және үлкен тереңдіктердегі тұздардың қайта бөлшектенуіне байланысты, жаңадан көтерілулер мен төмен түсулер байқалды. Осылайша, палеоген кезеңінің соңынан кейін Жалпы Сырт шегінде, яғни Зеленов ауданы территориясын теңіз сулары баспағандықтан, жер бетінің осы бөлігі ең көне болып табылады.

Жоғарғы плиоценді апшерон трансгрессиясы бұрынғыларға қарағанда, көлемі шағын аумақты қамти,

отырып плиоцен кезеңі өз дамуын аяқтайды, да облыс территориясында Каспий теңізі – көл суының мейлінше кіші-гірім аймақты бірнеше рет басуы мен кері шегінуіне байланысты болатын плейстоцен геологиялық кезеңі басталады.

Плейстоценде аудан аумағындағы Жалпы Сырттың оңтүстік бөлігін Баку, Хазар, Хвалын теңіз бассейндерінің сулары басты. Ол қазіргі уақыттағы абсолюттік биіктік белгілердің 45 (50) – 80 (100) метрлер шамасын алып жатқан Сырт алды кемері жолағын Жоғарғы Баку мен Төменгі Хазар суларының шөгінділері жапқан.

Жоғары плейстоценде Еуразияның солтүстік бөлігін қалың мұз басумен (110 мың жыл бұрын басталып, шамамен 10 мың жыл бұрын вюрм мұзбасуы) аяқталған. Ойпаттың қазіргі 45 (50) метр абсолюттік биіктік белгісіне дейін Төменгі Хвалын (Ерте Хвалын) бассейні сулары (40 – 50 мың жыл бұрын) алып жатқан, осы сулардың әкелген шөгінділердің нәтижесіндегі құмдар мен саздардан тұрады. Қазіргі уақытта олар неғұрлым төменгі жерлерде көл, сор және жайылма шөгінділеріне бөлініп кетеді.

Төменгі Хвалын теңізінің максимальды толығыуы шегіне жеткеннен кейін бұл су бассейні сатылап тартыла бастайды.

Плейстоценнің соңында Төменгі Хвалын сулары кері қайтқаннан кейін, төрт мұз басу кезеңінің қайтадан суытуына байланысты, қазіргі 0 метр горизонтальды биіктікке дейінгі аумақты қайтадан Жоғары Хвалын (Соңғы Хвалын) теңізінің (18 – 16 мың жыл бұрын) сулары басты, бірақ ол Зеленов ауданы аумағына жеткен жоқ. Голоцен кезеңінің басына таман (12 – 110 мың жыл бұрын) ол кейін шегінді.

Голоцендегі кіші мұз басу (1450 – 1850 жылдар) әсерінен болған Каспий суының соңғы көтерілуі, қазіргі минус 20 метр абсолюттік биіктікке дейінгі аумақты қамтыды. Тарихи кезеңде бұл ірі көлдің деңгейі осы белгіден жоғары бірде-бір рет көтерілген жоқ. Басқаша айтқанда, Каспий теңізі суының бұл көтерілуі Зеленов ауданының, тіпті облыс территориясынан оңтүстіктегі алыс аймақта жүрді.

Сонымен, аудан территориясының геологиялық жағынан алғанда ең жас беткі беті болып, бұдан 40 мың жыл

бұрын, Төменгі Хвалын бассейні теңіз суынан босаған Бөкей синеклизасы (майысуы) шетіндегі Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігі болып саналады. Осы кезде, Еуропаның мұз баспайтын белдеуінің тарихи сахынасында саналы адам пайда болды - *Homo sapiens L.*, 1758 (Африкада табылған ежелгі адам 130 000 мың жыл бұрын өмір сүрген, ал жақында Эфиопияда 1967 жылы табылған ең ежелгі адам сүйегі (түр тармағы: ежелгі саналы адам *Homo sapiens idaltu*), - жасы – 195 мың жыл, бұрынғы есептелініп келген адам жасынан 65 мың жылға үлкен; Батыс Азияда – 90 000 жылдан астам бұрын) шамамен 28 мың жыл бұрын неандертальдықтарды (Жерде жарты миллион жыл бойы мекендеген) біржолата ығыстырған болатын. Мұнда саналы адамның пайда болуы соңғы палеолит дәуірінің бастамасының белгісі болды. Оның шегінде алғашқы 12 мың жыл көлемінде ол неандертальдықтар мәдениетімен – яғни, орта палеолитикалық немесе мустье деп аталатын мәдениетті алға тартушылармен қатар өмір сүрді.

Күрделі тарихи геологиялық дамудың нәтижесінде кейбір бөліктер бетінің көтерілулері және түсуі ұзақ процесстердің жүру себепті (үлкен тереңдіктерде тұздардың ығысуы салдарынан) аудан территориясының беті ежелгі теңіз және жас континентальды шөгінді жыныстардан құралды, олардың жасы мезозой дәуірінің юра кезеңінен бастап қазіргі уақытқа дейінгі мерзімді қамтиды. Бұл аумақ жазатын борлы, құм тасты (ауданның солтүстігі), сазды, саздауытты, құмдауытты және құмды шөгінділерінен құралған. Каспий маңы ойпатының бетін үлкен аумақтарды Төменгі Хвалын су бассейні тартылғаннан кейінгі пайда болған ежелгі су ағындары әкелген аллювиальды құмды шөгінділер алып жатыр.

Сол себепті ауданға ақ бор, әксаз, құмдақ, кірпіштік саз кеніштері тән болып келеді. Жер қойнауларынан мұнай кеніштері табылды: Чинарев, Тепловск, Чувашинск, Цыганков, Дарьинск және басқалары. Қазіргі кезде олардың кейбіреулерінен мұнай өндіріліп жатыр. Ауданның солтүстігіндегі юра дәуірінің шөгінділерінде жанғыш тақтатастар мәлім. Олар Талов өзенінің (Шаған өзенінің

саласы) бойындағы сырттың оңтүстік баурайларында, Рубежка мен Ембулатовка өзендерінің, сонымен қатар Орал өзені – Чернозатон (Январцево ауылы маңы) жағалауларында орналасқан. Погодаево ауылының қасындағы 100 ден 250 метр тереңдікте жанғыш тақтатастар қоры табылды. Орал өзенінің аңғарынан құмдақ – қиыршық тас тұнбалары өндіріледі. Погодаево ауылының қасындағы қыш саздары пайдаланылады. Егіндібұлақ ауылының маңындағы құм тастардың аздаған қоры іс жүзінде сарқылып болды.

Жер бедері. Шығыс Европа жазықтығының оңтүстік – батысында орналасқан тұтастай біздің облысымыз сияқты Зеленов ауданының жер бедері түрліше тұрпатта болып келеді. Өйткені ол Жалпы Сырт алды беткейінің Орал бойы аңғары жазықтығын (Сырт алды кемер), Каспий маңы ойпатын және Орал өзенінің аңғарын алып жатыр. Аудан аумағының жер бедері облыс шегінде неғұрлым биік алқаптылардың бірі болып табылады және тұтастай алғанда солтүстіктен оңтүстікке қарай төмендей түседі.

Ауданның ең биік нүктесі солтүстік-батысында, Соколовка ауылынан батысқа қарай 3км қашықтықта орналасқан теңіз деңгейінен 191м биіктікте жатқан шоқы болып табылады. Ал ең төменгі нүктесі АқОрал ауданы шекарасындағы (Богатск ауылы маңы) Орал өзенінің су деңгейі, ол шамамен 12м теңіз деңгейінен биік жатады.

Ауданның солтүстігі дала өзендерімен, олардың салаларымен тілімденген жонды-төбелі жазықты болып келеді. Бұл аймақтың жер бедеріне сулы-эрозиялы сырт пішіндегі биіктіктер тән. Олар ұзына бойы созыла орналасқан әр түрлі салыстырмалы биіктіктердегі жондармен, төбелермен және шоқылар түрінде берілген. Өткен және қазіргі кезеңдердегі беткі сулардың белсенді қызметі нәтижесінде Зеленов ауданының жер бедері горизонталь бағыттағы және терең вертикальды бағыттағы жиі тілімденгендігімен ерекшеленеді. Сыртты пішіндегі төбелердің салыстырмалы биіктіктері 20-30м-ге дейін ауытқып отырады. Крутой өзенінің жоғарғы бөлігіндегі төбелердің салыстырмалы биіктіктері 70м-ге дейін жетеді,